

Тастандиева Н.Б.

**Экономикалық өсу факторы
ретіндегі шағын және орта
бизнес пен кәсіпкерлік саласын
дамытуды басқару**

Қазіргі нарықтық экономика жағдайында дамыған және дамушы кез келген мемлекет экономикалық өсуге жетудің, халықтың әлауқаттылығын көтерудің негізгі тірегі шағын және орта бизнес екенін жете мойындаған. Қазақстан да өзінің тәуелсіздігін алғаннан, нарықтық қатынастарға көшкеннен бастап дамудың алға қойған міндеттерінің бірі – шағын және орта кәсіпкерлік саласын қолдау. Шағын және орта бизнесті және кәсіпкерлікті дамыту үлесі артқан сайын еліміз көркейіп, халықтың әлеуметтік-экономикалық жағдайы жақсарады деген сөз. Мұндай жағдайға қол жеткізуге елімізде, жерімізде толық мүмкіндік бар, оған кәзіргі таңда жеткен жетістіктеріміз куә. Бұған себеп – Үкіметтің 2010 жылдан бастап елімізде кәсіпкерлікті дамытуға бағытталған «Бизнестің жол картасы – 2020» деп аталған бағдарламасы. Онда кәсіпкерліктің, шағын және орта бизнестің дамыту есебінен халықты жұмыспен қамту мен әлеуметтік-экономикалық жағдайын көтеру, ғылыми технологиялық жаңартулар мен жаңашылдықты енгізу арқылы ұлттық экономиканы көтеру айтылған. Берілген мақалада шағын және орта бизнес пен кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау Үкімет назарында үнемі болатындығы және оның дамуына мемлекеттің тарапынан жүргізіліп отырған қажетті шаралар нәтижесі қарастырылады.

Түйін сөздер: шағын және орта бизнес пен кәсіпкерлік; мемлекеттік қолдау шаралары; сыртқы және ішкі ортамен байланыстар; шағын және орта бизнесті дамыту; инновация.

Tastandiyeva N.B.

**Management of entrepreneurship,
small and medium businesses
as the factor of economic
growth**

In the current conditions of the market economy of developed and developing countries small and medium business is recognized to be a reliance of achieving economic growth, welfare of population. Since Kazakhstan has gained its independence and moved to market relations one of the main tasks is to support small and medium businesses and entrepreneurship. The increase of the share of small and medium businesses, developing entrepreneurship is prosperity of the country and improvement of socio-economic status of people. In order to achieve such situation there are all the opportunities in the country as evidenced by the results obtained in the present. As a proof of it we can consider the program «Business Road Map 2020» adopted by the Government in 2010 and aimed to develop entrepreneurship of the country. It is said there that the national economy can be improved by development of employment and improvement of the socio-economic situation of the population, introduction of scientific and technical innovations through development of entrepreneurship, small and medium businesses.

Key words: entrepreneurship, small and medium businesses; government measures on support; relationships with internal and external environments; development of small and medium businesses; innovation.

Тастандиева Н.Б.

**Управление развитием
предпринимательства, малого
и среднего бизнеса как
фактора экономического роста**

В нынешних условиях рыночной экономики в развитых и развивающихся странах для достижения экономического роста, благосостояния населения признают, что малый и средний бизнес является им опорой. С момента получения Казахстаном своей независимости и переходом на рыночные отношения одной из основных задач считается поддержка предпринимательства, малого и среднего бизнеса. Увеличение доли малого и среднего бизнеса, развитие предпринимательства является одним из условий процветания страны и улучшения социально-экономического положения народа. Для достижения такого положения в стране имеются все возможности, о чем свидетельствуют результаты, достигнутые к настоящему времени. Доказательством является Программа «Дорожная карта бизнеса 2020», принятая Правительством в 2010 году и нацеленная на развитие предпринимательства страны. Там сказано, что за счет развития предпринимательства, малого и среднего бизнеса ставится цель через развитие занятости и улучшение социально-экономического положения населения, внедрения научно-технических новшеств необходимо поднять национальную экономику.

Ключевые слова: предпринимательство, малый и средний бизнес, государственные меры по поддержке; взаимосвязи с внутренними и внешними средами, развитие малого и среднего бизнеса, инновации.

**ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСУ
ФАКТОРЫ РЕТІНДЕГІ
ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА
БИЗНЕС ПЕН
КӘСІПКЕРЛІК
САЛАСЫН ДАМЫТУДЫ
БАСҚАРУ**

Бүгінде әлемнің дамыған елдерінің көпшілігіндегі жылдам әлеуметтік-экономикалық өсуінің іргетасы және кепілі ретіндегі шағын және орта бизнес пен кәсіпкерлік саласының өзгеріп отыратын үрдістер жағдайында тез бейімделуге қабілеттілігімен және икемділігімен сипатталады. Бұл әрбір дамыған және дамушы елдер экономикасының басты алғышарты. Бүгінгі таңда бұл сала айтарлықтай мықты экономикалық және саяси күшке ие, әрі ел экономикасында үлкен орын алады. ЕО елдері мен АҚШ-та шағын және орта кәсіпкерлік ЖІӨ-нің жалпы шамамен 50-60% қамтамасыз етеді. Бұл сала жаңа жұмыс орындарын қалыптастыруда аса маңызды орын алады [1]. Шағын және орта кәсіпкерлік бүкіл халықтың өміріне әсер ете отырып қазақстандық қоғам мүддесінің дәл ортасынан орын алып отыр. Бұл саланы дамыту біздің елімізде де алға қойып отырған экономикалық маңызды мәселелердің бірінің қатарынан табылады. Мемлекет тарапынан қолға алынған, шағын және орта кәсіпкерлігін қолдауда елімізде ауқымы кең шаралары қолданылуда. Осығын байланысты «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты жолдауда шағын және орта кәсіпкерліктің дамуы ұлттық саясаттың негізгі бағыттарының бірі екені атап айтылған. Осы кәсіпкерлікті дамыту – нарықтың жаһандану жағдайында ел экономикасының индустриалдық және әлеуметтік-экономикалық жаңаруының басты құралы деуге болады. Сондықтан да экономикамыздағы шағын және орта кәсіпкерліктің үлесі көп болса – еліміздің даму қарқыны да соншалықты тұрақтылыққа ие болатынын мойындауымызға болады [2]. Экономиканың жекелеген секторлары шағын және орта кәсіпкерліктің ағыны шексіз өнімдері мен қызметтерінсіз де жұмыс істеуі мүмкін. Алайда, ең басты ескеретін жай, шағын және орта кәсіпкерлік қызметі өнертапқыштық және инновациялық қызметтердің бастамасы, себебі, негізгі идеялар мен өнертапқыштар үлесі ірі кәсіпорындарға қарағанда шағын кәсіпорындарда жоғары. Жалпылама таралған пікірлерге сүйенсек, шағын кәсіпкерлік ірі кәсіпкерліктің көлеңкесінде дамиды. Алайда, экономикада шағын өндірістік ірі өңдеуші компанияларға қарағанда тиімдірек болып табылады. Өйткені олар нарық жағдайындағы өзгерістерге тез бейімделеді.

Қазақстанда шағын және орта кәсіпкерлік көрсеткіштері айтарлықтай ұлғаюда. Елімізде ресми Статистикалық Агенттіктің ақпараты бойынша, 2016 жылғы 1 ақпандағы тіркелген мәліметтер бойынша шағын және орта кәсіпкерлік жұмысымен айналысатындар саны 1 306 791, соның ішінде шағын кәсіпкерлікпен 177 297, орта кәсіпкерлікпен 2 925 заңды тұлғалар, дара кәсіпкерлер 945 553, шаруа қожалықтары 181 016. Сәйкесінше, осы жылғы жағдайға көз жіберетін болсақ, елдегі жұмыс істеп тұрған шағын және орта кәсіпкерліктер саны өткен жылғымен салыстырғанда 0,8% төмендегенін байқауға болады. Шағын және орта бизнеспен айналысатындардың жалпы санындағы заңды тұлғалардың 13,6% үлесі – шағын кәсіпкерлікті, 0,2%-ды орта кәсіпкерлікті, ал 72,4%-ды дара кәсіпкерлер, шаруа қожалықтарының үлесі – 13,8% құрайды [3].

Шағын және орта бизнес пен кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау тетіктерін жетілдіру Үкіметтің тұрақты назарында ұстайды және Қазақстан, дамыған елдердің озық, табысты тәжірибесімен алмасады. Шағын және орта кәсіпкерлікті дамытуынсыз мемлекеттің макроэкономикалық жағдайдың тұрақтылығы туралы айту қиын. Себебі кәсіпкерлік пен шағын және орта бизнестің дамуы ішкі нарықтағы бәсекелестіктің күшеюіне, тұтыну нарығын қажетті тауарлар және қызметтермен толықтай қамтамасыз етуге, жаңа жұмыс орындары арқылы жұмыспен қамтылуды шешуге, халықтың әлеуметтік-экономикалық жағдайын көтеруге, ғылыми технологиялық-инновациялық жаңартуларға, жаңашылдықты енгізу және экономиканың маңызды басқа да мәселелерінің шешімін табу арқылы ұлттық экономиканы көтеруге септігін тигізеді.

Алайда, шағын және орта кәсіпкерлік секторы жоғарыда атап кеткендей, экономиканың нақты дамушы тетігіне айналуы үшін, мемлекет тарапынан оның мүшелерінің жұмыс жүргізуіне жағдай жасап, олардың қалауларын ескеретіндей кешенді қолдау бағдарламасын әрі қарай үзіліссіз жалғастыруы тиіс деп ойлаймыз. Үкімет алдында тұрған біраз қиындықтар бар. Шағын және орта кәсіпкерлікті қолдау үшін мемлекет қабылдаған шаралардың арасында салық ауыртпалығын төмендету; мүлікті және активтерді заңдастыру; әкімшілік рәсімдер мен рұқсаттық келісулерді оңайлату; бюрократиялық сөзбұйдаға тиым салу, оңай несиеге қол жеткізу секілді қиындықтарды жеңілдету ұсыныстарын беруге болады.

Кәсіпкерлер үшін қол жетімді қаржы және

несие мәселесінің аясының кеңейтілгеніне орай несие мөлшерлемесінің төмендетілген деңгейінің мерзімін ұзартқан жөн. Осы мақсатта шағын кәсіпкерлікті дамыту қоры үшін құрылған тұрақты микрокредит аясын кеңейту, соның ішінде қаржы құралдарын жетілдіре отырып, тікелей несие және шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту үшін қаржы мөлшерінің оларға жылдам берілу шараларының жолын қарастыру қажет.

Қазіргі әлемде инновациялық даму қарқындаған жағдайға байланысты елімізде осы жолмен даму мақсатына орай «Қазақстан Республикасын индустриялық-инновациялық дамытудың 2015 – 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы» бойынша ауқымды мемлекеттік мәселелер қабылданды. Сонымен қатар, халыққа арнаған «Қазақстан-2050» Стратегиясы» жолдауы барынша дамыған 30 ел қатарына ену мақсаты алға қойылған, әрі кәсіпкерліктің үлесін арттыру қажеттілігі арқылы ол 2050 жылы экономиканың дамуын алға бастаған секторы ретінде көрінілуі қажет [4]. Жолдау мен бағдарламаны салыстыра келе түйіндейтініміз, шағын және орта бизнес пен кәсіпкерлік нысаналы жылға қарай Қазақстанның жалпы ішкі өнімінің аз дегенде екіден бір үлесін өндіретін болуы тиіс. Әлеуметтік саланы дамыту мен еңбек өнімділігін бірнеше есеге арттыру да артық етпейді. Яғни жалпы ішкі өнім көлемінің жан басына шаққандағы үлесі еселене, яғни, дамыған елдердегідей 70 мың АҚШ долларына дейін артатынын ескерсек, айтарлықтай жақсы нәтижелерге қол жеткізіп, әлеуметтік-экономикалық даму жағдайы жақсарады деген сенім мол. Оның үстіне жалпы ішкі өнімнің кем дегенде 75 пайызы шағын және орта бизнес пен кәсіпкерліктің үлесінде болмайынша, ел экономикасы тұрақтылығын сақтау және шикізатқа тәуелділігінен құтыла алмайтынымыз анық.

Дегенмен де, қазіргі кезде шағын және орта кәсіпкерлікті дамытуды тежейтін көптеген факторлар бар. Соның ішіндегі күрделісіне – инвестицияны және айналымдағы капиталды жеткілікті қамтамасыз ету үшін қажетті қаржы ресурстарының жетіспеушілігі болып табылады. Қазіргі қаржылық дағдарыстың да әсерінен туындап отырған шағын кәсіпкерліктердің кепілдік қабілетінің төмендеу себебінен банктер пайыздық мөлшерлемені ұлғайту жолымен несие бойынша тәуекел құнын көтеруге мәжбүр болып отыр. Шағын бизнестің дамуын тежейтін тағы бір фактор – әкімшілік кедергілерге аппаратын жетілдірілмеген немесе шағын бизнес қызметін реттейтін қолданыстағы ұлттық

заңнаманың нақты стандартты нормаларының жетіспеушілігі болып табылады. Шағын кәсіпкерлікті қолдайтын үйлестірілген инфрақұрылымының жоқтығы кәсіпкерлердің нарыққа кіру барысындағы сыртқы және ішкі ортадағы барлық экономикалық субъектілермен қарым-қатынас орнатуға және қолдауға қажеттілігінен жоғары шығындарға бару фактісі.

Сыртқы ортадағы байланысқа – мемлекеттік органдармен, қаржы және несие мекемелеріндегі, жеткізушілермен, клиенттер мен бәсекелестермен қарым-қатынасты жатқызуға болады; ал ішкі ортадағы байланысқа – қызметін және ұйымдастыру-құқықтық нысанының түрін тандау; қажетті мөлшерде жарғылық капиталын қалыптастыру; кадрларды іріктеу және оларды басқару; командалық серіктестерді іздеу мен нарықты зерттеулерді айтсақ та жеткілікті.

Сонымен бірге, шағын және орта бизнес пен кәсіпкерліктің одан әрі дамынуына кедергі келтіретін бірқатар мәселелердің бар екендігі Қазақстан Республикасын индустриялық-инновациялық дамытудың 2015 – 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында да атап айтылған. Атап айтқанда, экономикадағы мемлекеттің жеке секторға қатысты негізгі үлесі бар кәсіпорындар санатын құрайды, сектор және шикізатпен тікелей айналысатын ұлтаралық корпорацияларының, бизнесті ашу мен жүргізудегі ұлықсат беру мен қадағалау жүйелерінің, сонымен қатар, кәсіпкерлік және шағын және орта бизнес субъектілерінің қаржы ресурстарына қолжетімділік деңгейінің төмен болуы [5].

Осы айтылғандарға қарап мемлекет тарапынан аталған кемшіліктерді азайту мақсатында бірқатар жұмыстардың жалғасатынына қуанамыз. Аталған кемшіліктерді талдай келе қосарымыз, біріншіден, экономикадағы трансұлттық корпорациялардың көп шоғырлануын болдырмас үшін бәсекелестікті жандандыру керек, себебі ол биліктің бір қолға шоғырлануын шектейді, әрі тұтынушылар мұқтаждығын қанағаттандыруды, шығарылған өнім бағасының арзандауын, оның сапасының артуын ынталандырады. Бір сөзбен айтқанда, кәсіпкерлік пен шағын және орта бизнес нарықты тауарлармен толықтыруға және қызметтермен жабдықтауға, дұрыс бәсекенің өсуіне ықпал етеді, әрі экономиканың алға дамуының индикаторы болып табылады. Екіншіден, бизнесті ашу мен жүргізуге рұқсат беру мен келісу рәсімдері бағдарламада атап көрсеткендей, «бір терезе» қағидаты бойынша жеткілікті деңгейде саналы түрде орындалуына

кәсіпкерлер өз жауапкершілігін арттырулары қажет. Алайда бұны шағын және орта бизнес пен кәсіпкерліктің ішкі мәселесіне жатқызуға болады, себебі рұқсатты алу-беру үрдісіне өте жауапкершілікпен қараған жөн, әрі кәсіпкер өз ісінің шебер маман болуы үшін алдымен білімі мен сол істі тереңдеп дамытуға тәжірибесі толық жетімді болғаны дұрыс. Яғни, кәсіпкер шеберлігін шыңдауда үнемі білімін көтеріп, өзі мен өз ісінің бәсекелестікке даяр болуын үнемі қадағалап отыруы тиіс. Үшіншіден, шағын және орта бизнес пен кәсіпкерліктің субъектілері «Бизнестің жол картасы – 2020» бағдарламасы арқылы қаржылық ресурстарға қолжетімділікті ұсынуды жалғастыруы қажет, яғни қаржыландыру ортасының қызметін жақсарту керек. Несиелік және лизингтік тетіктерді пайдалана отырып, Қазақстанда өндірілген өнімнің түпкілікті тұтынушыларын қаржыландыруды пайдалана отырып, ішкі нарықтық сұранысты ынталандыру қажет, алайда бұл мемлекет тікелей кредитор болуы керек деген сөз емес.

Бүгінде елде шағын және орта бизнес пен кәсіпкерлікті дамыту үшін тиімді шарттар жасалынып жатыр, ал қабылданған реформалар және бағдарламалар нақтылы жетістікке жетуде. Қазақстан кәсіпкерлік қызметте нормативтік-заңға сүйене реттеулер жүйелерін жетілдіру саласында едәуір озып отырғанын көрші мемлекеттер позицияларымен салыстыру арқылы көз жеткізуге болады. Сонымен бірге отандық кәсіпкерліктің дамуына Қазақстанның қолайлы салықтары (13-орын) маңызды орын алып отыр. Тағы да елдегі орта бизнес кәсіпорындар пайдасына пайыздық мөлшерлеме салыстырмалы төмен 28,6%-ды құрайтынын, ал бұл көрсеткіш Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы (ЭЫДҰ) елдерінде 42,7% құрайтынын оң мысал ретінде айта кетуге тұрарлық жайт [6]. Жас және дамушы елдер сияқты Қазақстан да тартымды бизнес-ортасын құруда елеулі жетістіктеріне қарамастан осы салаларда жұмысты жалғастыру қажет.

Қорытындылай келе, шағын және орта бизнес пен кәсіпкерлікті дамытудың табысы негізінен мемлекетте құрылған жағдайларымен анықталатынын атап өткім келеді. Қазақстанның тәуелсіздігінен бастап тартымды бизнес-ахуалды құру ретіндегі маңызды қадамдар жасалғанын халықаралық бағалау мен шағын және орта бизнес саласындағы айтарлықтай өсуі дәлел бола алады. Дегенмен басқаларға қарағанда, шағын бизнес барлық салаларында дерлік өркендеп қолайлы орынды иемденуде. Салалардың әр

негізгі тобы үшін қойылатын талаптар – қызметкерлерге бастапқы қаржылық салымдар, материалдар мен құрал-жабдықтардың шағын бизнесте қаншалықты тұрақты қатысуын анықтау. Егер жалдамалы қызметкерлер саны бойынша айтатын болсақ, шағын бизнес,

салалардың негізгі төрт топтарының үшеуінде: көтерме сауда, бөлшек сауда және қызмет көрсету салаларында үлкен басымдыққа ие. Өндіріс саласында өз ісін бастауға қажетті қомақты ақша қаражатын талап ететін өндіріс саласының алар орны төмендеу.

Әдебиеттер

- 1 http://www.stat.kz/digital/mal_pred/Pages/default.aspx
- 2 Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ». 17.01.2014 ж. www.akorda.kz
- 3 ҚР Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті. Жедел ақпарат № 41-03/ 74 2016 жылғы 15 ақпан
- 4 ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы «Қазақстан – 2050 стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» 14.12. 2012ж. www.akorda.kz
- 5 «Қазақстан Республикасын Индустриялық-инновациялық дамытудың 2015 – 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы». adilet.zan.kz/kaz/docs/P1400000627
- 6 <http://www.fxtrade.kz/v-kazaxstane/malyj-biznes-v-kazaxstane/>

References

- 1 http://www.stat.kz/digital/mal_pred/Pages/default.aspx
- 2 Kazakstan Respyblikasynyn Prezidenti N.A.Nazarbaebtyn Kazakstan khalkina zholdauy «Kazakztan zholy – 2050: Bir maksat, bir mudde, bir bolashak». 17.01.2014zh. www.akorda.kz
- 3 KR Ul'ttyk ekonomika ministr'ligi Statistika komiteti. Zhedel akparat № 41-03/ 74 2016 zhylgy 15 akpan. <http://www.stat.gov.kz/>
- 4 KR Prezidenti N.A.Nazarbaebtyn Kazakstan khalkina zholdauy «Kazakztan – 2050 strategyasy kalyptaskan memlekettin zhana sayasi bagyty» 14.12. 2012zh. www.akorda.kz
- 5 «Kazakstan Respyblikasyn Industryalyk – innovatsyalyk damytudyn 2015 – 2019 zhyldarga arналған мемлекеттік бағдарламасы». adilet.zan.kz/kaz/docs/P1400000627
- 6 <http://www.fxtrade.kz/v-kazaxstane/malyj-biznes-v-kazaxstane/>